



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҢҒЫРУЫ ЖАҒАНДЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Мырзатаев Нурмухамед Даулеткелдіұлы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
Конституциялық құқық кафедрасының аға оқытушысы

Түіндеме

Жоғары білім сапасын көтеруді құқықтық тұрғыдан қарастырған. Жоғары білім беруді жетілдіру үшін автор білім беру бағдарламаларын дамытуды ұсынады. Білім беру бағдарламаларының заңдағы қолдану мерзімі сапасы туралы мәселені қолданыстағы заң аясында қарастырып отыр.

Кілттік сөздер: жоғары білім, ЖОО, білім беру бағдарламасы, білім туралы заң, университет.

Елбасы «Қазақстан -2050» стратегиялық бағдарламасында Қазақстан 2050 жылға қарай әлемдегі ең алдыңғы қатарлы 30 мемлекеттің қатарына қосылуды мақсат қойылған болатын. Жоғары білім беруде жаһандық бәсекелестіктің өсуі және әлемдегі ғылым мен технологияның жедел дамуы әлемдік жоғары білімнің тұрақсыздық жағдайында бір қалыпта құқықтық дамыту бірқатар қиындықтар туғызып отыр.

Аталған мәселені шешу мақсатында елімізде «Қазақстан-2050», Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама),

"Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" атты Қазақстан халқына Жолдауы, "100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет" Ұлт жоспары, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында жоғары білімді одан әрі жетілдіру барысы еліміз үшін өзектілігі арттыра түсуде.

Үстіміздегі жылғы жолдауда төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту қамтылған. Жолдауда білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру, өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттігін міндеттеген еді. Сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесі сапасына ерекше назар аударылады. Жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, материалдық-техникалық жабдықталу деңгейіне, білім беру бағдарламаларына қатысты бақылау мен талап күшейтілуі қажеттігі айтылды [1]. Біздің ойымызша, жолаудағы адами капиталдың тиімдігін арттыру үшін білім беру бағдарламаларына қатысты талап күшейтілу қажеттігін Елбасы баса айтқан болатын. Қазыргы таңда заңгер мамандығы бойынша бітіруші түлектерге жұмысберушілердің сұранысын және түлектерге қоятын талаптарына сай келетін маман даярлап отырмыз ба? Біз дайындап отырған заңгер мамандар осы қоғамдық сұранысты қаншалықты деңгейде қанағаттандырып отырмыз? Аталған мәселені зерделеу барысында көкейтесті өзекті мәселелердің бар екендігіне көз жеткіздік.

Мәселен осы жолдауда айтылған білім беру бағдарламаларына қатысты талапты күшейту. Біздің ойымызша, жұмыс берушілердің сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында ЖОО заңгер мамандығын дайындау барысында жоғары білім берудің мемлекеттік бағдарламаларын қайта қарастыру қажет. Қолданыстағы ұсынып отырған кейбір пәндер болашақ заңгерлерге еңбек ету барысында мүлдем қажет емес. Керісінше өндірісте болашақ заңгерлік қызметте қажет етіп отырған пәндер заң факультетінде оқытылмайды. Оған мысалы, қазыргы кезде кез-келген БАҚ «бос орын» жарнамасын қарстырайық. Оған көз жүгертер болсақ заңгер мамандығы бойынша жұмысқа орналасу үшін бірінші, қолданыстағы заңнаманы жетік меңгеруі тиіс. Екіншіден,

тендер құжаттарны дайындау, аукцион өткізу тәртібін білу, мемлекеттік сатып алу парталында жұмыс жасай білу, құжаттарды рәсімдеу тәртібін білу және т.б. талап етіледі. Бұл дегеніміз мемлекеттік сатып алу туралы заңды білу және электорнды құжаттарды рәсімдей алу деген сөз. Біздің ЖОО мемлекеттік білім беру стандартына сүйенер болсақ онда аталған пән тек «жергілікті мемлекеттік басқару» мамандығы бойынша ғана екі кредит отытылады екен.

Заңгер мамандықтарын даярлау барысында қолында дипломы бар түлектеріміздің мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмауы алаңдатарлық жағдай. Төрт жыл бойы уақыты мен қаржысын сапалы білім алуға салып отырған азаматтардың өз кәсіби мамандығымен жұмысқа орналаса алмауы көкейтесті мәселе. Дипломы бар бірақ жұмыс берушілердің сұраныстарын қанағаттандыра алмай отырған мамандар даярлап отырған өзіміз кінәлі екенбіз. Біздің ойымызша «мемлекеттік сатып алу» туралы пәнді заңгер мамандықтарына да енгізу қажет. Себебі күн тәртібіндегі мәселе мемлекеттік сатып алу парталында жұмыс жасай алатын білікті заңгер мамандардың өте аздығы. Мәселені зерттеу барысында анықталғаны аталған заң нормасын заңгер мамандықтарын даярлауда не міндетті пән ретінде немесе таңдау пәні ретінде университеттерде оқытылмауы болып отыр. Сондықтан да, біздің заңгер мамандықтар бойынша кәсіби маман дайындап отырған мамандардың сапасы туралы және жұмыс берушілердің сұраныстарын қанағаттандыры алмай отыруымыздың бірден бір себебі осы. Біздің ойымызша, жоғарыда аталған пәнді университетіміздің заңгер мамандықтарын даярлау барысында қолданысқа енгізер болсақ көптеген көкейтесті мәселелер шешіледі деген ойдамыз. Біріншіден, жұмыс берушілердің қазыргы сұраныстарына сәйкес жаңа форматтағы заңгер мамандарды даярлауға жол ашылмақ. Екіншіден, заңгер түлектердің жұмыспен қамту мәселесін шешуге үлкен көмек болары сөзсіз. Үшіншіден, жаңа талаптарға сай тез икемді сапалы жоғары білім беру арқылы біздің университетіміздің түлектеріне жұмыс берушілер кезекке тұратын болады.

Қ.Құдайбергенова «Құзырды әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде біріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» деген тоқтам жасайды[2].

Білім туралы заңның 3-ші бабында «Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мыналар болып табылады:1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; 2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы» айтылған [3]. Жоғарыда аталған пинцптерге сәйкес маман дайындау, білім беру бағдарламаларын жетілдіруге заң шеңберінде ешқандай кедергі жоқ.

Аталған заңның 21-бабында жоғары білімнің білім беру бағдарламалары туралы айтылған. Оның1-ші тармақсашсы «Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары "бакалавр" дәрежесін немесе "маман" біліктілігін бере отырып, экономика салаларының қажеттіліктеріне сәйкес біліктілігі жоғары кадрлар даярлауға бағытталған» [3].Экономиканың қажеттілігіне сәйкес білікті жоғары маман даярлау үшін универтситеттер мен білім және ғылым министірлігі білім беру бағдарламасын қазыргы сұранысты қанағаттандыру мақсатында жоғарғы білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру керек деп ойлаймыз.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін пәндер циклін, базалық пәндер циклін, бейіндеуші пәндер циклін зерделеуді, сондай-ақ тиісті мамандықтар бойынша кәсіптік практикадан өтуді көздейді.Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары міндетті құрамдас бөліктің және таңдау бойынша құрамдас бөліктің пәндерін қамтиды.Білім алушының таңдауы бойынша құрамдас бөліктегі пәндер әрбір циклдеміндетті құрамдас бөліктің пәндерін мазмұндық жағынан толықтыруға тиіс[3].

Жоғары оқу орындары білім беру жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін қамтитын инновациялық білім беру бағдарламаларын конкурстық негізде әзірлеуге және енгізуге құқылы[3].

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игеру мерзімі мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандартында айқындалады және ол кемінде төрт жыл болуға тиіс[3] деп көрсетілген 3-тармақ 21-бапта. Біздің ойымызша аталған бап нормасы жоғары білім беру бағдарламаларын экономикалық сұранысқа байланысты икемді мамандар даярау үшін кедергі келтіріп отыр деп есептейміз. Білім беру бағдарламаларын игеру төрт жылды қажет етеді. Ол өндіріске енгізілгеннен кейін де төрт жыл бойын жұмыс жасауы тиіс дегенді меңзер тұр. Аталған баптың нормасы жаһандық өте тез дамыт келе жатқан ЖОО арасындағы инновациялық бәсекелестікке кедергі келтіруші норма ретінде қарастыруға болады. Себебі ЖОО оқу бағдарламасына дербестік жоқ. Олар тек мемлекеттік бекітілген төрт жылда бір рет қана өзгеріске ұшырайтын стандарт аясынан шыға алмауы себеп болып отыр деп ойлаймыз. Біздің ойымызша аталған баптың тармақшасын былай дер өзгерткен жөн. «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игеру мерзімін ЖОО ішкі оқу әдістемелік кеңесінде айқындалады және ол кемінде бір жыл ішінде болуға тиіс». Біз сонда ғана бәсекеге қабілетті, жоғары білім беру бағдарламасын экономикалық сұраныстарды зерттей отырып кәсіби сапалы маман даярлайтын университеттер қатарына қосыламыз. Сонда ғана "Бакалавр" дәрежесі беріліп немесе "маман" біліктілігін бере отырып, жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды аяқтаған адамдар өздері үшін біліктілік талаптарында жоғары білімі болуы көзделген лауазымдарға орналаса алады деген нормаға сенуге болады деп ойлаймын.

Білім туралы заңның 35-ші бабындағы жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары негізгі түрлері университет, академия, институт және оларғатеңестірілгендер(консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) болып табылатын жоғары оқу орындарында іске асырылады делінген. Біздің ойымызша жоғарығы оқу орындарының түрге бөлінуі маңызды емес, егер олардың барлықтары бір мемлекеттік оқу барламасымен білім беретін болса. Олардың білім береу бағдарламаларында ерекшеліктері мен артықшылықтары болмаған болса, ондай жоғары оқу орындарын қалай атасақта, түрге бөлсекте білім беру мазмұны өзгермейді. Сондықтан да, түрлі атау беру арқылы жоғары білімнің сапасын университеттер мен академияларды т.б. бөлу арқылы сапалы маман даярлай қоюымыз екі талай.

Біздің ойымызша қазақстанның жоғары білімінің құқықтық жаңғыруы жаһандық бәсекеге қабілеттілікті жетілдіру жолдарын жоғары білім беру бағдарламасын әр университеттің ғылыми кеңесіне беру арқылы, бәсекелестікті дамыта отырып, жоғары білім сапасын арттыруға қол жеткізуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтардағы Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік».

http://massaget.kz/mangilik_el/43897/.

2 Бексариева Ж.С. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. 22 қаңтар 2015 ж.

https://infourok.ru/azastan_respublikasyny_blm_beru_zhyes_bayandama-328218.htm

3 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

[#z26](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319)